14-02/110 03.11.2026

БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.Сейтжанова
2026 ж.

«ОҚМА» АҚ-ДА «PLATONUS» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚОЛДАНУШЫ АККАУНТТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 509- 2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент қ.

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

1. «ОҚМА» АҚ компьютерлік-тестілеу және баспа орталығы **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

МАЗМҰНЫ

ҚҰЖАТ ПАСПОРТЫ…… 4
1. НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕР..... 5
2. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 5
3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР..... 5
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 7
5. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ..... 7
6. «PLATONUS» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АККАУНТТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ..... 9
7. ҚҰПИЯСӨЗДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ.... 9
8. ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ БАСҚАРУ..... 10
9. ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫН ӘРЕКЕТТЕР..... 10
10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ..... 11
11. АККАУНТТАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ, БҰҒАТТАУ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ТОҚТАТУ..... 11
12. КИБЕРИНЦИДЕНТТЕРГЕ ӘРЕКЕТ ЕТУ..... 11
13. БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛЕНДІРУ..... 12
14. ЖАУАПКЕРШІЛІК..... 13
15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР..... 14

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

ҚҰЖАТ ПАСПОРТЫ

Құжаттың атауы:	«ОҚМА» АҚ-да «Platonus» ақпараттық жүйесіндегі қолданушы аккаунттарын пайдалану және киберқауіпсіздік талаптары туралы ереже
Қысқаша сипаттамасы:	«ОҚМА» АҚ-да «Platonus» ақпараттық жүйесіндегі қолданушы аккаунттарын пайдалану және киберқауіпсіздік талаптары туралы ереже
Тақырып:	Ақпараттық қауіпсіздік
Мәртебесі:	Бірінші
Бекітілген күні:	« ___ » _____20_____ж.
Қолдану мерзімінің аяқталу күні:	« ___ » _____ 20_____ж.
Аудит күні:	Жыл сайын

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

1. НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕР

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

— Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы;

— Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚР «Ақпараттандыру туралы» Заңы;

— Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Лицензиялау туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңдары;

— Қазақстан Республикасының цифрлық кодексі, Қазақстан Республикасының Кодексі 2025 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII—Кодексі; «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ ақпараттық қауіпсіздік туралы 2026 жылғы Е -504 ережесі;

— «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-да «Корпоративтік секторға арналған кибергигиена» туралы 2026 жылғы Е-508 ережесі;

— Академиялық адалдық кодексі К 121-2026;

— «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

2. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар пайдаланылды:

— «ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы;

— АЖ – ақпараттық жүйелер;

— АҚ – ақпараттық қауіпсіздік;

— БҚ – бағдарламалық қамтамасыз ету;

— ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

— ҚР – Қазақстан Республикасы;

— Platonus - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамында білім беру процесін автоматтандыру үшін пайдаланатын ақпараттық жүйесі.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады:

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

— **аккаунт** — пайдаланушыны ақпараттық жүйеде сәйкестендіруге және оған тиісті қолжетімділік құқықтарын беруге арналған жеке есептік жазба;

— **пайдаланушы** — Platonus ақпараттық жүйесіне белгіленген тәртіппен қолжетімділік алған білім алушы, ПОҚ мүшесі, қызметкер немесе өзге де уәкілетті тұлға;

— **логин** — пайдаланушыны ақпараттық жүйеде бірегей сәйкестендіруге арналған атау;

— **құпиясөз** — пайдаланушының жеке басын растауға және аккаунтқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған құпия таңбалар жиынтығы;

— **аутентификация** — пайдаланушы ұсынған сәйкестендіру деректерінің дұрыстығын тексеру процесі;

— **авторизация** — аутентификациядан өткен пайдаланушыға белгіленген өкілеттіктер шегінде ақпараттық ресурстарға қолжетімділік беру процесі;

— **қолжетімділік құқығы** — пайдаланушыға ақпараттық жүйеде белгілі бір ақпаратты қарауға, енгізуге, өзгертуге немесе өзге де әрекеттерді орындауға берілген өкілеттіктер жиынтығы;

— **дербес деректер** — белгілі бір жеке тұлғаға қатысты немесе оның жеке басын айқындауға мүмкіндік беретін электрондық, қағаз және өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер;

— **киберинцидиент** — ақпараттық жүйенің немесе ақпараттың құпиялылығына, тұтастығына және қолжетімділігіне қауіп төндіретін немесе олардың бұзылуына әкеп соққан оқиға;

— **рұқсатсыз қолжетімділік**— тиісті өкілеттігі жоқ тұлғаның ақпараттық жүйеге, аккаунтқа немесе ақпаратқа қол жеткізуі немесе қол жеткізуге әрекет жасауы;

— **цифрлық активтер** — ұйымның ақпараттық ресурстары;

— **академиялық адалдық** — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді;

— **адалдық** — пара алмау, жалған ақпарат бермеу;

— **әділдік** — барлығына тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;

— **жауапкершілік** — өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;

— **сенім** — қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;

— **құрмет** – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;

— **ашықтық** – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;

— **жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы** — нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

— **жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі** – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ – да (бұдан әрі — «ОҚМА» АҚ) Platonus ақпараттық жүйесіндегі пайдаланушы аккаунттарын беру, пайдалану, қорғау, қалпына келтіру, бұғаттау және қолжетімділікті тоқтату тәртібін белгілейді.

Ереже «ОҚМА» АҚ-тың ақпараттық ресурстарын қорғауға, киберқауіптерді азайтуға және деректердің таралуының алдын алуға бағытталған. Осы Ереженің талаптары «ОҚМА» АҚ-тың Ақпараттық жүйге (бұдан әрі — «ОҚМА» АЖ) қол жеткізе алатын барлық қызметкерлерге, білім алушыларға және өзге де тұлғаларға міндетті болып табылады.

Осы Ереже ресми бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және «ОҚМА» АҚ-тың барлық қызметкерлері, білім алушылары және АЖ-ні пайдаланушылары үшін міндетті түрде орындалуға тиіс.

Осы Ережені қайта қарау және өзектендіру жылына кемінде бір рет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына, ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда немесе «ОҚМА» АҚ-тың талаптары өзгерген кезде жүзеге асырылады.

Осы Ереженің талаптарының сақталуын және орындалуын бақылау «ОҚМА» АҚ-тың киберқауіпсіздік және АЖ секторының меңгеруші маманына жүктеледі, ол белгіленген нормалардың орындалуын мониторингтеу, үйлестіру және бақылауды жүзеге асырады.

«Platonus» АЖ-не қолжетімділік пайдаланушының мәртебесіне, лауазымдық міндеттеріне және оқу процесіндегі рөліне сәйкес беріледі.

Осы Ережеге сәйкес әрбір аккаунт жеке болып табылады және нақты бір пайдаланушыға бекітіледі.

Пайдаланушылардың жүйеге қолжетімділігі қажетті және жеткілікті өкілеттіктер қағидаты негізінде ұйымдастырылады.

5. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Негізгі мақсат – «ОҚМА» АҚ-да Platonus ақпараттық жүйесін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету, рұқсатсыз қолжетімділіктің алдын алу және жүйеде өңделетін ақпарат пен дербес деректерді қорғау.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

— «ОҚМА» АҚ ақпараттық ресурстарын рұқсатсыз қол жеткізуден, деректердің таралуынан, жойылуынан және бұрмалануынан қорғауды қоса алғанда, ішкі және сыртқы қауіптерден кешенді қорғауды қамтамасыз ету;

— кибершабуылдардың алдын алу және олардың салдарын барынша азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық АҚ шараларын енгізу арқылы кибертәуекелдер деңгейін төмендету;

— ақпаратты қорғауға саналы және жауапты көзқарасқа негізделген қызметкерлер мен білім алушылар арасында тұрақты АҚ мәдениетін қалыптастыру;

— «ОҚМА» АҚ ақпараттық жүйелері мен сервистерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

— Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес дербес деректерді, қызметтік және өзге де құпия ақпаратты қорғау;

— қызметкерлер мен білім алушылар тарапынан «ОҚМА» АҚ цифрлық инфрақұрылымына деген сенім деңгейін арттыру;

— ақпараттық жүйелермен қауіпсіз жұмыс істеу регламенттерін, нұсқаулықтарын және стандарттарын қамтитын тиімді кибергигиена жүйесін енгізу және қолдау;

— «ОҚМА» АҚ ақпараттық жүйелері мен процестеріндегі ықтимал осалдықтарды анықтау, талдау және азайту;

— пайдаланушылардың кибергигиена талаптарын сақтауын бақылау және бұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті әрекет ету шараларын қолдану;

— киберинциденттерге жедел әрекет ету процесін ұйымдастыру (уақтылы анықтау, оқшаулау және салдарын жою);

— «ОҚМА» АҚ цифрлық активтерін (деректер базалары, АЖ, желілік инфрақұрылым) қорғауды қамтамасыз ету;

— киберқауіпсіздік мәселелері бойынша «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелері арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Пайдаланушы өзіне берілген аккаунтты осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес пайдалануға міндетті.

«ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

6. «PLATONUS» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АККАУНТТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

«Platonus» АЖ-дегі аккаунтты құру және беру «ОҚМА» АҚ-ның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі арқылы жүзеге асырылады.

Пайдаланушылар міндетті:

— аккаунт пайдаланушының жеке басы және «ОҚМА» АҚ-мен тиісті байланысы расталғаннан кейін беріледі;

— ережеге сай пайдаланушының жеке басын растау жеке басын куәландыратын құжат негізінде жүзеге асырылады;

— аккаунтты алған пайдаланушы осы Ережемен таныстырылуға және оның талаптарын сақтауға;

— пайдаланушы жүйеге тек өзіне тиесілі аккаунт арқылы кіруге;

— пайдаланушы өзінің логині мен құпиясөзінің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

— бөгде немесе қоғамдық компьютерден жүйеге кірген жағдайда пайдаланушы жұмыс аяқталғаннан кейін аккаунттан міндетті түрде жүйеден шығуға;

— пайдаланушы жүйеге кіру кезінде Platonus-тың ресми мекенжайын тексеруге және күмәнді сілтемелер арқылы авторизация жасамауға;

— пайдаланушы фишингтік хабарламалардан, жалған авторизация беттерінен және құпиясөзді сұрайтын күмәнді хабарламалардан сақ болуға;

— электрондық поштамен, интернет-ресурстармен және корпоративтік жүйелермен жұмыс істеу кезінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау;

— аккаунттың бұзылғанына немесе рұқсатсыз пайдаланылғанына күдік туындаған жағдайда пайдаланушы бұл туралы киберқауіпсіздік және ақпараттық жүйелерді қорғау жөніндегі маманына немесе ақпараттық жүйе секторының меңгерушісі дереу хабардар ету.

Пайдаланушыларға тиым салынады:

— пайдаланушыға басқа тұлғаға тиесілі аккаунтты беруге немесе пайдалануға;

— бір аккаунтты бірнеше пайдаланушының ортақ пайдалануына;

— логинді және құпиясөзді үшінші тұлғаларға беруге;

— ақпараттық қауіпсіздіктің белгіленген құралдарын, соның ішінде аутентификация жүйелерін, антивирустық қорғауды, желілік экрандарды және өзге де қауіпсіздік құралдарын айналып өтуге әрекет жасауға.

7. ҚҰПИЯСӨЗДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Құпиясөз кемінде 8 таңбадан тұруға тиіс.

Құпиясөзде мүмкіндігінше бас және кіші әріптер, сандар және арнайы таңбалар пайдаланылуға тиіс.

Құпиясөз ретінде оңай анықталатын комбинацияларды, пайдаланушының аты-жөнін, туған күнін, телефон нөмірін және қарапайым таңбалар тізбегін пайдалануға жол берілмейді.

Пайдаланушы құпиясөзін үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті.

Құпиясөздің жария болғанына күдік туындаған жағдайда ол дереу өзгертілуге тиіс.

Құпиясөздерді үшінші тұлғалар қол жеткізе алатын жерде ашық түрде сақтауға тыйым салынады.

8. ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ БАСҚАРУ

«ОҚМА» АҚ-да «Platonus» ақпараттық жүйесіне қолжетімділік пайдаланушының мәртебесіне, атқаратын міндеттеріне және қажетті өкілеттіктеріне сәйкес беріледі.

Пайдаланушыға қызметтік немесе оқу міндеттерін орындауға қажетті көлемнен артық қолжетімділік құқықтарын беруге жол берілмейді.

Қолжетімділік құқықтары пайдаланушының мәртебесі немесе лауазымдық міндеттері өзгерген жағдайда қайта қаралуға тиіс.

«ОҚМА» АҚ-мен еңбек немесе оқу қатынастары тоқтатылған кезде пайдаланушының қолжетімділігі белгіленген тәртіппен тоқтатылады.

Ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төнген жағдайда пайдаланушы аккаунты уақытша бұғатталуы мүмкін.

9. ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫН ӘРЕКЕТТЕР

«ОҚМА» АҚ-да «Platonus» ақпараттық жүйесін пайдаланушы барлық қызметкерлері мен білім алушыларына тыйым салынатын әрекеттер жиынтығы сақтауы тиіс.

Пайдаланушыларға тиым салынады:

— басқа пайдаланушылардың аккаунттарына рұқсатсыз қол жеткізуге;

— басқа пайдаланушының құпиясөзін анықтауға әрекет жасауға;

— жүйеге жалған немесе әдейі бұрмаланған ақпарат енгізуге;

— бағаларды, сабақ кестесін немесе өзге ақпаратты тиісті өкілеттіксіз өзгертуге;

— жүйенің қауіпсіздік механизмдерін айналып өтуге;

— жүйенің осалдықтарын рұқсатсыз сканерлеуге немесе пайдалануға;

— зиянды бағдарламаларды, кодтарды немесе скрипттерді іске қосуға;

— жүйенің қалыпты жұмысына кедергі келтіретін әрекеттер жасауға;

— дербес және құпия ақпаратты рұқсатсыз көшіруге, таратуға немесе

жариялауға тыйым салынады.

10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

«ОҚМА» АҚ-да «Platonus» ақпараттық жүйесінде өңделетін дербес деректер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалуға тиіс.

Пайдаланушы өзіне берілген өкілеттіктер шегінде ғана дербес деректерге қол жеткізуге құқылы.

Басқа тұлғалардың дербес деректерін рұқсатсыз көшіруге, сақтауға, таратуға немесе үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Дербес деректердің рұқсатсыз жария болғаны анықталған жағдайда жауапты қызметке дереу хабарлануға тиіс.

11. АККАУНТТАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ, БҰҒАТТАУ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ТОҚТАТУ

«Platonus» ақпараттық жүйесіне кіретін құпиясөз ұмытылған немесе жоғалған жағдайда аккаунтқа қолжетімділікті қалпына келтіру белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қолжетімділікті қалпына келтіру кезінде пайдаланушының жеке басы тексерілуге тиіс.

Басқа тұлғаның атынан құпиясөзді қалпына келтіруге жол берілмейді.

Аккаунт:

— бұзылғанына күдік болған;

— рұқсатсыз кіру әрекеттері анықталған;

— осы Ереженің талаптары бұзылған;

— пайдаланушының жүйеге қолжетімділік қажеттілігі тоқтатылған жағдайларда уақытша немесе тұрақты түрде бұғатталуы мүмкін.

12. КИБЕРИНЦИДЕНТТЕРГЕ ӘРЕКЕТ ЕТУ

Осы Ереженің талаптарына сай пайдаланушы мынадай жағдайлар анықталған кезде жауапты қызметке дереу хабарлауға міндетті:

— аккаунтқа бөтен тұлғаның кіргеніне күдік болғанда;

— құпиясөз үшінші тұлғаға белгілі болғанда;

— аккаунттан пайдаланушы жасамаған әрекеттер анықталғанда;

— жүйеде ақпараттың рұқсатсыз өзгергені байқалғанда;

— фишингтік немесе жалған Platonus беттері анықталғанда;

— дербес деректердің рұқсатсыз таралуы немесе жария болуы анықталғанда;

— жүйенің қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін өзге де күмәнді жағдайларда.

Ақпараттық қауіпсіздік инцидентін жасыруға немесе оның салдарын өз бетінше жою мақсатында рұқсатсыз әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Инцидент анықталған жағдайда жауапты тұлғалар аккаунтты уақытша бұғаттау, құпиясөзді ауыстыру, оқиға журналдарын тексеру және өзге де қажетті қорғаныс шараларын қабылдауға құқылы.

13. БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛЕНДІРУ

«ОҚМА» АҚ-да «Platonus» ақпараттық жүйесіндегі пайдаланушы аккаунттарын әкімшілендіру. «ОҚМА» АҚ-ның тиісті уәкілетті құрылымдық бөлімшелері мен жауапты тұлғаларына берілген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырылады.

Аккаунттарды әкімшілендіру кезінде пайдаланушыларды тіркеу, қолжетімділік құқықтарын беру, өзгерту, уақытша шектеу, бұғаттау, қалпына келтіру және тоқтату жөніндегі іс-шаралар белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Пайдаланушыларға «Platonus» ақпараттық жүйесіне қолжетімділік олардың лауазымдық міндеттеріне, оқу мәртебесіне және жүйеде орындауға рұқсат етілген функцияларына сәйкес беріледі.

Пайдаланушыға өзінің қызметтік немесе оқу міндеттерін орындау үшін қажетті көлемнен артық қолжетімділік құқықтарын беруге жол берілмейді.

Пайдаланушының лауазымы, құрылымдық бөлімшесі, оқу мәртебесі немесе функционалдық міндеттері өзгерген жағдайда оның қолжетімділік құқықтары қайта қаралуға тиіс.

Пайдаланушының «ОҚМА» АҚ-мен еңбек, оқу немесе өзге де қатынастары тоқтатылған жағдайда «Platonus» ақпараттық жүйесінде қолжетімділігі белгіленген тәртіппен шектеледі немесе тоқтатылады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, киберинциденттерді анықтау және тергеп-тексеру мақсатында «Platonus» ақпараттық жүйесінде пайдаланушылардың жүйеге кіруі, орындалған әрекеттері, қолжетімділік әрекеттері және қауіпсіздікке байланысты оқиғалар туралы техникалық журналдар жүргізілуі мүмкін.

Ақпараттық қауіпсіздікке қатер төнген, аккаунттың бұзылғанына күдік туындаған немесе рұқсатсыз қолжетімділік белгілері анықталған жағдайда жауапты тұлғалар пайдаланушы аккаунтын уақытша бұғаттауға немесе оның жекелеген қолжетімділік құқықтарын шектеуге құқылы.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау барысында анықталған бұзушылықтар тіркеліп, оларды жою бойынша тиісті шаралар қабылданады.

Осы Ереженің талаптарының сақталуын бақылау «ОҚМА» АҚ-ның тиісті уәкілетті құрылымдық бөлімшелері және ақпараттық қауіпсіздік пен

ақпараттық жүйелерді қорғауға жауапты маман тарапынан олардың құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

14. ЖАУАПКЕРШІЛІК

«ОҚМА» АҚ-да «Platonus» ақпараттық жүйесіннің әрбір пайдаланушысы осы Ережеде белгіленген талаптарды сақтауға дербес жауапты.

Пайдаланушы өзіне берілген логиннің, құпиясөздің және өзге де аутентификациялық деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Пайдаланушының осы Ереженің талаптарын сақтамауы салдарынан оның аккаунты арқылы рұқсатсыз әрекеттер жүзеге асырылған жағдайда жауапкершілік бұзушылықтың сипаты мен мән-жайлары ескеріле отырып белгіленеді.

Осы Ереженің талаптарын бұзған пайдаланушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тиісті шаралар қолданылуы мүмкін.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзу фактісі анықталған жағдайда пайдаланушының «Platonus» ақпараттық жүйесіне қолжетімділігі уақытша шектелуі немесе аккаунты бұғатталуы мүмкін.

Басқа пайдаланушының аккаунтына рұқсатсыз қол жеткізуге, ақпаратты заңсыз өзгертуге, жоюға, көшіруге, бұғаттауға немесе таратуға бағытталған қасақана әрекеттерге жол берілмейді.

Пайдаланушының әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде дербес деректердің, құпия ақпараттың немесе өзге де қорғалатын ақпараттың рұқсатсыз жария болуына жол берілген жағдайда жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына және «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленеді.

Ақпараттық жүйеге рұқсатсыз қол жеткізу, ақпаратты заңсыз өзгерту, жою немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттер белгілері анықталған жағдайда тиісті материалдар белгіленген тәртіппен қарау және шаралар қабылдау үшін уәкілетті тұлғаларға және қажет болған жағдайда құзыретті мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін.

Пайдаланушы өзінің аккаунтының бұзылғанын, құпия сөзінің үшінші тұлғаға белгілі болғанын немесе өзге де киберинцидентті анықтаған жағдайда бұл туралы белгіленген тәртіппен дереу хабарлауға міндетті.

Киберинцидент туралы ақпаратты қасақана жасыру немесе жауапты тұлғаларға хабарламау осы Ереженің талаптарын бұзу ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді,

сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және «Platonus» ақпараттық жүйесіне қолжетімділігі бар барлық пайдаланушылар үшін міндетті.

«Platonus» ақпараттық жүйесін пайдаланушылар осы Ереженің талаптарымен белгіленген тәртіппен таныстырылуға тиіс.

Пайдаланушы өзіне «Platonus» ақпараттық жүйесінің аккаунты берілген сәттен бастап осы Ережеде белгіленген киберқауіпсіздік талаптарын сақтауға міндетті.

Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына, «Platonus» ақпараттық жүйесінің функционалдық мүмкіндіктеріне және «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына енгізілген өзгерістер ескеріле отырып енгізіледі.

Ереженің жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

Ережеде тікелей реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «ОҚМА» АҚ-ның тиісті ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешіледі.

Ереже «ОҚМА» АҚ-да белгіленген тәртіппен бекітілген күннен бастап күшіне енеді және оның күші жойылғанға немесе жаңа редакциясы бекітілгенге дейін қолданылады.

Ереженің өзектілігін қайта қарау Қазақстан Республикасының заңнамасы, ақпараттық қауіпсіздік талаптары немесе «Platonus» ақпараттық жүйесін пайдалану тәртібі өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

Әзірлеген:

Лауазымы	Аты-жөні
Киберқауіпсіздік және ақпараттық жүйені қорғау маманы	Арынбаев С.А.

Тексерген:

Лауазымы	Аты-жөні
Компьютерлік-тестілеу және баспа орталығының басшысы	Уксикбаев М.Т.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.Ә.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Лауазымы	Аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.У.
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.Қ.
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов Н.Е.
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Сәлім Е.Қ.
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

А ҚОСЫМШАСЫ

Пайдаланушының растауы

Мен «Platonus» ақпараттық жүйесін пайдаланушы аккаунттарын пайдалану және киберқауіпсіздік талаптары туралы ережемен таныстым, оның талаптарын түсіндім және оларды сақтауға міндеттенемін.

Аты-жөні: _____

Мәртебесі/лауазымы: _____

Құрылымдық бөлімшесі/тобы:
_____

Қолы: _____

Күні: «__» _____ 20__ **ж.**

Киберқауіпсіздік және
ақпараттық жүйені қорғау маманы _____ _____
қолы Аты-жөні

Цифрлық офицер _____ _____
қолы Аты-жөні

Ақпараттық жүйелер
секторының меңгерушісі _____ _____
қолы Аты-жөні

Компьютерлік тестілеу және
баспа орталығының басшысы _____ _____
қолы Аты-жөні

Көшіруге және/немесе үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

Исходящий номер: 14-02/110

Исходящая дата: 03.11.2026

Краткое содержание: «ОҚМА» АҚ-ДА «PLATONUS» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚОЛДАНУШЫ АККАУНТТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Вид документа: Записка служебная

Лист согласования

Тип действия	Дата	ЭЦП	Замечания	ФИО	Должность	Организация
Разработано	30.10.2026		Без замечаний	Арынбаев С.	Специалист по кибербезопасности и защите информационных систем	АО «ЮКМА»
Проверено	30.10.2026		Без замечаний	Уксикбаев М.Т.	Руководитель	АО «ЮКМА»
Проверено	02.11.2026		Без замечаний	Ержанов Н.А.	Заведующий	АО «ЮКМА»
Проверено	30.10.2026		Без замечаний	Кабиштаев О.А.	Начальник	АО «ЮКМА»
Согласовано	30.10.2026		Без замечаний	Анартаева М.У.	Проректор по академическим вопросам	АО «ЮКМА»
Согласовано	30.10.2026		Без замечаний	Нурмашев Б.К.	Проректор по клинической работе	АО «ЮКМА»
Согласовано	30.10.2026		Без замечаний	Аукенов Н.Е.	Проректор по научному и стратегическому развитию	АО «ЮКМА»
Согласовано	30.10.2026		Без замечаний	Сәлім Е.Қ.	Проректор по воспитательной работе и социальным вопросам	АО «ЮКМА»
Согласовано	30.10.2026		Без замечаний	Пернебаев Н.А.	Комплаенс офицер	АО «ЮКМА»

Подписано	02.11.2026	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская медицинская академия», BIN991040003556	Без замечаний	Сейтжанова Ж.С.	Председатель Правления - Ректор	АО «ЮКМА»
Зарегистрировано	03.11.2026	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕРЖАНОВ НУРЛАН, Акционерное общество «Южно-Казахстанская медицинская академия», BIN991040003556	Без замечаний	Ержанов Н.А.	Заведующий	АО «ЮКМА»